ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# І ТУЫ

ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

2 июль Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

## Колхоз радиотораптары

АҚТӨБЕ, (ҚазТАГ). Ключевой ауданындағы «Красный колос» колхозының радиоторабының дикторы әрбір кеште микрофонын ашып:

—Черноводское селосының радиоторабынан сөйлеп тұрмыз! Колхоздың соңғы хабарларын тыңдаңыздар! —деп жариялайды.

Микрофон алдында озат егіншілер, малшылар, механизаторлар сөз сөйлеп, колхозшыларға өздерінің жұмыс тәжрибесін айтады. Мәселен, әрбір сауын сыйырдан жыл басынан бері 1300 литрден сүт алған сауыншы Мария Продиус сыйырға берілетін жемшөптің мөлшері туралы өзінің тәжрибесін айтты. Фермаларда жұмыс күнін ұйымдастыру және мал семірту туралы колхоздың мал шаруашылығын басқаратын Петр Шерстюк әңгіме айтып берді. Микрофон алдында үгітшілер, көркем өнерпаздар үйірмесі жиі болып тұрады.

Ауылшаруашылық артельдерінің іріленуіне байланысты колхоз радиотораптарының саны анағұрлым көбейді. Өткен жылы 17 колхоз радиоторабын салды. Жылдың аяғына дейін облыстың ауылдары мен селоларында тағы да он радиоторабы салынады.

## режелерін

институтында сыртемтихан сессиясы бастан оқушылар түгел сырттан оқушы 600 тиіс. Жазғы емтихан коллективі зор әзір

рді сырттан оқытып, кейбір оқу бөлімдері ры әлі де болса елеул беріп, бұл мәселеге й отырғандығын айт ы. Мәселен, Соколов, удандық оқу бөлімдеытушылар институн жүрген оқытушыттан оқуы үшін ешасамайды.

ымызда бұдан бірне н біліміне сеніп, сажалпы білім дәрежеоқу ісімен шұғылр, немесе сырттан жүріп, емтихан тапулак ұстайтын мұғаБұлардың қатарына Ленин ауданы), Поауданы), Захарова жолдастарды қосуға

*Теміржолшылар күні*
*қарсаңында*

### Эстафеталық поездар

Бөлімше кезекшісі Ольга Петровна Чиркова сталиндік темір жолшылар күні қарсаңындағы жарыс күндерінде эстафеталық поездарды ұйымдастырудың инициаторы болып отыр. Мұндай поездардың алғашқысын атақты машинист Антон Слюнько Макушино станциясынан Петропавлға жеткізді. Поезд осы екі арада техникалық жылдамдықты сағатына 6,4 километр арттыра отырып жетті. Бұл көрсеткіш тапсырмадағыдан әлде қайда жоғары.

Эстафеталық поезды Петропавл станциясында машинист Мозговой жолдастың бригадасы қабылдап, кривоностық шапшаңдықпен Есілкөл станциясына алып жөнелді. Ол тағайындалған жерге мерзімінен бір сағат 7 минут бұрын жетті. Сөйтіп, эстафеталық поездың тәуліктік жол жүру ұзақтығы 857 километр болды.

Шапшаңдатылған әдіспен сапар шегуші поездарды станциялардан тоқтаусыз өткізу ісінде Петропавл станциясының кезекшісі Киселев, участоктік диспетчерлер Короткевич және Сахаруш жолдастар көрнекті табыстарға ие болып келеді.

Бөлімше кезекшісі Чиркова жолдастың инициативасын вагон айналымен тездету үшін күресуші барлық теміржолшылар қызу қуаттауда.

### Шинкаренконың сменасы

## Жемшөп қоры—мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарты

☆ ☆ ☆



Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының № 4 бригадасы 500 центнердей шөпті маяға салды. Шөп маялауда З. Қуанышбаева, Қ. Құрманбаева және К. Ақмолдина сияқты колхозшылар күн сайын екі норма орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Бригада пішеншілерінің шөп маялап жатқан кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Міндеттемені орындау жолында

Бүкіл республикамыздың еңбекшілері сияқты Мамлют асыл тұқымды мал совхозының коллективі де Сталин жолдасқа жазған хатта ауыл шаруашылығында, әсресе, қоғамдық мал басын бір мезгілде оның өнімділігін арттыра отырып көбейтуде күрделі табыстарға жетуге міндеттенді.

Бұл күндері совхоз коллективі мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырудың ең басты шарты—жемшөп дайындауды қызу қарқынмен жүргізіп жатыр. Өткен жылдар сияқты бұл жылы да олар жемшөптің мол қорын жасауды өздерінің ең негізгі міндеттерінің бірі етіп алға қойып отыр.

Мәселен, таңдаулы машинист Никель жолдас быйылғы маусымда мың гектар жердің пішенін шабуға міндеттенгенді. Ол өзінің бұл сертін қазір абройымен орындап жүр. Озат машинист күн сайын 30-40 гектар шабындықтың пішенін шабады. Осы сияқты, үш орақты шөп машинасының машинисі С. Мұстафин жолдас та шөп шабуда стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген пішеншілердің бірі. Ол да әрбір смена сайын 20 гектар ор-

## Июль—жемшөп дайындаудың

оларның саяси және жалпы білім дәрежесін көтеріп отыруға қажетті мүмкіншіліктердің барлығы бар екендігін айқын дәлелдейді.

гармай, жазғы емтихан сессияларына зор әзірлікпен қатысып отырулары, сөйтіп, өздерінің білім дәрежелерін арттыра түсуге жетісулері керек.

## Қытай шаруалары делегациясының Қазақстанда болуы

Совет Одағында қонақ болып жүрген қытай шаруаларының делегациясы Жамбыл облысынан Алматыға келді.

Қытай шаруалары Жамбыл ауданындағы «Красная звезда» колхозында болып, қызылша егісін көрді, Социалистік Еңбек Ерлері Пәтия Шидакованың, Сындыбала Оңғарбаеваның, Қанымқыз Тортаеваның әр гектардан 1200-1500 центнер өнім алу жолында күресіп жатқан звеноларының қант қызылшасын өсіру жөніндегі озат тәсілдерімен танысты.

Делегация сонымен қатар «Үшбұлақ» жеміс- шарап совхозында, Жамбыл ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің жүзімдігінде болып, осы артельдің комплекcті механикаландырылған мал фермаларына саяхат жасады, колхоздың балаларға арналған үйлерінде, мектебінде, клубында, кітапханасында, радиоторабында, электр станциясында болды.

Қаратау кеншілері қонақтарды жылы жүзбен қарсы алды. Делегаттар фосфорит-рудниктерінде қолданылатын қуатты техникамен танысты. Жамбылдың суперфосфат заводында қонақтар минералдық тыңайтқыш жасайтын өндірісті көрді.

Қалалық стадионда делегацияның құрметіне жастардың мейрамы болды. бұл мейрамда 1200 физкультурашы жастар өзінің спорт шеберліктерін көрсетті.

**(ҚазТАГ).**

## Композиторлардың жаңа шығармалары

Қазақстан совет композиторларының Одағы Қазақстанның белгілі композиторы Сталиндік сыйлықтың лауреаты Евгений Брусиловскийдің «Дударай» атты жаңа операсын тыңдап, мақұлдады. Композитордың жаңа шығармасы орыс пен қазақ халықтарының ежелден бергі достығына арналған.

Соңғы уақытта республиканың композиторлары 25-тен аса жаңа шығармалар жазды. Бұлардың ішінде көптеген әнді және алуан түрдегі жанрда жазылған шығармалар бар. Сталиндік сыйлықтың лауреаты композитор Мұқан Төлебаевтың қазақтың ұлы ағартушысы Абай Құнанбаевтың «Мен көрдім жалғыз қайың құлағанын» деген өлеңіне жазған әні мен «Мақта» деген әніне жұртшылық жақсы баға берді. Композитор Бақытжан Байқадамов фортепьяноға қосылып скрипкада тартатын соната жазған. Бұл соната жаңа теміржол құрылысына арналған. Композитор Борис Ерзакович «Балқаш», «Колхозшылардың мақсаты» деген жаңа әндер жазған. Қазақстанның талантты жас композиторы Ғазиз Сүлейменов татардың халық тақырыптарына квартет жазған.

Қазір республиканың 20 композиторы жаңа шығармалар жазып жатыр. Композитор В. В. Великанов совет жастарының қуанышты тұрмысын бейнелейтін жаңа қазақ балетін жазуда. Композитор Қапан Мусин Советтік Қазақстан туралы жаңа симфониялық поэма жазуға кірісті. Белгілі композитор Латиф Хамиди «Жамбыл» операсының жаңа редакциясын аяқтап келеді.

**(ҚазТАГ).**

шы. Ол июнь айында 120 поезды «Қызыл стрела» жылдамдығымен, 200 поезды қосымша су алуға тоқтатпастан өткізді. Сонымен қатар, поездарға 100-ден аса социалистік жолдамалар берді.

Міне, бұл —озат өндіріс командирінің өз участогіндегі жұмысты ойдағыдай ұйымдастыра білуінің жемісі, оның теміржолшылар мерекесіне арнаған тартуы.

### ЯКУТ АССР ӨНЕРКӘСІБІ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИСКУССТВО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ОРДЕНДЕРМЕН ЖӘНЕ МЕДАЛЬДАРМЕН НАГРАДТАУ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 27 июньдегі Указы бойынша Якут АССР-нің отыз жылдығына байланысты республика өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының, мәдениеті мен искусствосының ерекше көзге түскен үлкен біртоп қызметкерлері наградталды.

**Ленин** орденімен үш адам; **Еңбек Қызыл Ту** орденімен 27 адам; **«Құрмет Белгісі»** орденімен 80 адам; **«Еңбектегі ерлігі үшін»** медалімен 54 адам; **«Еңбекте үздік шыққаны үшін»** медалімен 42 адам наградталды.

### ОҢТҮСТІК ҚЫРҒЫЗСТАНДА АСТЫҚТАН МОЛ ӨНІМ АЛЫНУДА

ЖАЛАЛ -АБАД, (СОТА). Облыс колхоздары дәнді дақылдарды оруға кірісті. Базарқорған ауданының егіс далаларында комбайншылар Л. Тәжібаев, Д. Төреқұлов және Р. Якшираев жолдастар әр гектар жерден 125—130 центнерден бидай бастыруда.

### ҚИЫР ШЫҒЫСТЫҚТАР БАЛАЛАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

ХАБАРОВСК, (СОТА). Хабаровскінің, Амурдағы Комсомольскінің, Бикиннің және Қиыр Шығыстың басқа да қалалары мен жұмысшы поселкелерінің мыңдаған оқушылары пионер лагерьлеріне жүріп кетті. Магаданның 500 жас өспірімдері «Солтүстік Артек» лагерінде дем ала бастады.

Көптеген машинистер күндік нормаларын толық орындай алмай жүрсе, бұл еңалдымен осының салдары.

Куйбышев атындағы іріленген ауылшаруашылық артелі (председателі Даньшин жолдас) аудандағы ең малды колхоздардың бірі. Бұл колхоз биыл 4230 гектар жердің шөбін шабуға тиіс. Колхозда үш кең алымды және 28 көлік шөп машинасы бар. Бұл машиналармен күн сайын кемінде 200 гектар шабындықтың пішенін шабуға болады. Бірақ, істің қазіргі жайы бұдан басқаша. Мұнда аталған шөп машиналары толық қуатымен іске қосылмай отыр. Осының салдарынан жемшөп дайындаудың графигі

өте баяу
бескүнді
далмай
ліктің а
жемшөп
жүргізіп
нешеу.

Июль
шуші ai
мал азы
мүмкінш
жоспары
егін ора
қамтама

## Аудандардың же

**(Облыстық ауылшаруашылық басқарма**
**жос**

| Аудандар | Шабылған жер | Дайындалған шөп | Сүрленген шөп |
|---|---|---|---|
| Ленин | 24,9 | 6,0 | — |
| Преснов | 21,2 | 9,0 | 0,3 |
| Конюхов | 21,1 | 1,8 | — |
| Петропавл | 18,7 | 4,0 | — |
| Совет | 16,8 | 3,9 | — |
| Полудень | 16,7 | 3,5 | 26,0 |
| Булаев | 16,7 | 2,8 | — |
| Мамлют | 15,6 | 2,7 | — |
| Соколов | 15,0 | 3,5 | 0.5 |
| Октябрь | 14,2 | 5,0 | — |
| Приешім | 13,6 | 5,6 | — |
| Облыс совхоздары бойынша | 25,0 | 8,2 | — |

* * *

Өткен бескүндікте жемшөп дайындаудың тапсырмасын бірде- бір аудан орындаған жоқ. Тек Ленин ауданының колхоздарында ғана аздап ілгері басқандық байқалды. Совет, Николаев, Торанғұл, Шағлы, Налобин МТС-тері пішен шабуды олқылыққа ұшы-

ратты. С
де -бір

Пішен
қарамаст
арасында
Приешім,
Булаев а
шөп атж
Өйткені,
басшылар
ландыру

Өткен
лыс колх
шабу мен
үшін кү
тайды. П
лудень а
дарынан
кірісе қо

Жемше
Шағлы
да да ба
былған
Ал, облы
ға төзім

Жемше
далмауын

йын 15 текше метрден су ағызып отырады. Сонда Еділ — Дон каналының әрбір насостық станциясы бірден үш Москва өзенінің суын ағызып отырады.

Еділ —Дон құрылыстарының екінші негізгі буыны орасан зор Цимлянск су коймасы болып табылады. Оған 12,6 миллиард текше метр су сыяды. Бұл койма Донның бүкіл орталық участогін алып жатады.

Цимлянск су коймасында суды бөгеу жұмысы биіктігі 35 метрлік, ұзындығы 12,8 километрлік топырақты плотина және ұзындығы 500 метрге жуық темір бетонды су котарғыш плотина арқылы

ры, олардың жанындағы алып су қоймалары Еділді ұзына бойына асқан зор магистраль ету, оның кеме жүргізу каблетін барынша күшейту жұмысын аяктайды. Қайта құрылған Еділдің жүк өткізу мүмкіншілігінен бірнеше есе артады. Ал Еділдің канал арқылы Донмен және оңтүстік теңіздермен ұштасуы Совет Одағының европалық бөлігіндегі су жолдарын біртұтас транспорт жолымен ұштастыруды аяктайды, сөйтіп Отанымыздың астанасы — Москваны 5 теңіздің — Ақ теңіздің, Балтық, Каспий, Азов теңіздері мен Қара теңіздің портына айналдырады. Егер Еділ — Дон каналы салынғанға дейін Қара теңізге Днепр мен Дон атрау-

лысшыларымыз жоғары өнімді еңбектің асқан үлгілерін көрсетті. Мұнда біздің механизмдеріміздің сапасы зор екендігі, сонымен бірге алдыңғы қатарлы техниканы меңгерген совет адамдарының барлық жұмыстарды үкмет белгілеген мерзімде мүлтіксіз орындауға деген берік ықыласы айқын көрінді. Каналдың барлық құрылыстары үкмет белгілеген мерзімде аяқталды. Коммунизмнің ұлы құрылыстарының тұңғышы Отанымыздың жұмыс істеп жатқан кәсіпорындары қатарына қосылды. Дүние жүзіндегі ең озат ғылым мен және техникамен қаруланған совет адамдары коммунизм орнату жолында тамаша жаңа жеңіске жетті.



Еділ —Дон кеме жүретін су жолында.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Кеме жүретін каналға кіре берістегі маяк. Еділ- Дон кеме жүретін каналының бір участогінде.

(СОТА-ның фотохроникасынан).

тептері үшін 58 мың дана оқу кітаптары бар. Бұл —барлық керек кітаптың бестен бір бөлегі. Көптеген кітаптар атымен жоқ. Мәселен, орыс мектептері үшін 88 түрлі оқу кітабы керек болса, содан 26 түрлі ғана кітап бар.

Қазақ мектептері үшін керекті кітаптарды алғызу ісі одан да баяу. Егер қазақ мектептері үшін барлығы 62 түрлі 57 мың оқу кітабы керек болса, кәзір қоймада бар болғаны 6 түрлі 5 мыңдай ғана кітап бар.

Сауда орындары мектептерді құрылыс материалдарымен де қажетті мөлшерде дер кезінде қамтамасыз ете алмай отыр.

лық армиясының Ба
гін барлық майданд
армиясының құрамал
лық еріктілерінің бө
кан- ағылшын интер
маншыл әскерлерге
тарын жүргізгендігін,

**АҚШ Т**

НЬЮ- ЙОРК, 29 и
кен Ұлттар Ұйымыны
араб және азиялық
лесін талқылау үшін
арнаулы сессиясын п


**ҚАЗАҚ ССР СОВХОЗДАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРО ЗООТЕХНИКАЛЫҚ -МАЛДӘРІГЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ 19 ЖЫЛЫНА БУХГАЛТЕРЛЕР ДАЯРЛАЙТЫН БӨЛІМІНІҢ ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ**

Техникум орта мамандықтағы бухгалтерлер даярлайды.
дық немесе орта мектептің 7-класын бітірген, 14 жастан 30
маттар қабылданады. Оқуға түсушілерден орыс тілі және әде
ша және ауызша), математикадан (жазбаша және ауызша),
циясынан қабылдау емтиханы алынады.

Қабылдау емтиханы ССРО Жоғарғы Білім Министрлігі бек
бойынша 1 августан 20 августқа дейін жүргізіледі.

1951—52 оқу жылында 7-класты отлично бітіргендер оқу
тиханынсыз қабылданады.

Өтініштер 31 июльге дейін қабылданады.

Өтінішпен бірге: 7 класты бітіргендігі жөнінде куәлігі
ған жылы туралы куәлігі, денсаулығы туралы дәрігерден алғ
өмірбаяны, екі фотосуреті, әскери міндеттілігі жөніндегі ан
міндеттілер үшін) қоса тапсырылуы керек. Паспортын өзі ке

Жоғарыда көрсетілген документтермен бірге өтініш берген
шақыру жібереді, техникумға түсушілер сол шақыру бойын
сыру үшін немесе оқуға (емтихансыз қабылданғандар) келе

Оқуға қабылданғандардың барлығына да стипендия төл
Оқу 1 сентябрьде басталады.

Мұқтаж оқушылар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Өт
кументтерді төмендегі адреске жіберу керек:

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупск
(Ой қала) Зоотехникалық-малдәрігерлік техникумы.



**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редак
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етіл

УШ 01092. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18